

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 маусымда № 5440 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округі әкімінің 14.10.2019 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 4 мамырдағы № 01-11/43 ұсынысы негізінде, Виноградов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округінің Сумное ауылында "БОС и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылқы фермасы аумағында жылқыларда ринопневмония ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Виноградов ауылдық
округінің әкімі*

Ә. Есендіков